

Психологиялық қызмет бойынша 2022-2023 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстар есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Психологиялық жұмыс 4 бағытта жүргізілді. Диагностика , консультация, түзету-дамыту жұмыстары, психологиялық ағартушылық –дамыту жұмысы.


Осы жоспарды басшылыққа ала отырып 2022-2023 оқу жылының I тоқсанында төмендегідей жұмыстар атқарылды.Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында «Керн Иерасек» топтық тест жүргізілді.1 сынып оқушыларының мектепке деген бейімделуі «қанағаттанарлық», тест қорытындысымен сынып жетекшілері танысты. Осы тесттің қорытындысы негізінде және жоспарға қосымша құрастырылған «Мен оқушымын» бағдарламасына сай 1 сыныптармен келесідей жаттығулар жүргізілді:

4. Алақай, мен оқушымын!

5. Мектеп өмірінің ережелері.

6. Қабылдау мен есте сақтауды дамыту жаттығуы (Артемьев)

Осы бағдарлама аясында «Мектептегі көңіл –күй» жаттығуы қараша айында өткізілу жоспарланып отыр.



Оқу жылының басында 6 сынып жетекшісінің сұранысы бойынша «Бақытты отбасы – бақытты бала» жиналысында психологпен ата –аналар кездесуі ұйымдастырылып, танысу және «Менің балам» жаттығулары өткізілді.



5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне қолайлы ахуал қалыптастыру коммуникативті дағдыларды дамыту, ұжыммен біріктіру, топтық қарым-қатынасты нығайту, жағымды эмоционалды фон қалыптастыру мақсатында сынып оқушыларымен «Жас із кесушілер», «Следопыт» тақырыбында психологиялық акция ұйымдастырылды. Түзету-дамыту жұмысы жоғары деңгейде өтті.



Қыркүйек айының 2 аптасында оқушы бойындағы агрессия деңгейін анықтауға арналған «Басса –Дарки » онлайн диагностикасы жүргізілді. Диагностикаға мектебіміздің 6-11 сынып оқушылары қатысып, 101 оқушы қамтылды. Қортынды

нәтижесімен сынып жетекшілерін таныстырылды және түзету – дамыту бағытында 6 орыс сыныбымен «СТОП АГРЕССИЯ» түзету дамыту жұмысы жүргізілді.



Қазан айында 5 сынып оқушыларымен оқу мотивация деңгейін анықтау мақсатында «Оқу мотивациясын анықтау» Н.Г.Лусканов сауалнамасы жүргізілді. Қорытындысымен сынып жетекшілері танысты. 5 сынып оқушыларының мектепке деген бейімделуі «қанағаттанарлық».



Қазан айында 5-7 сынып оқушыларымен Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында Гудман сауалнама жүргізілді. Барлығы 49 оқушы қатысты. Қортынды бойынша 100 % көрсеткіш бойынша қалыпты деңгей анықталды. 2 қазан күні 1 сынып ата-аналармен «1- сынып ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ата-аналар балаларының сауалнама қорытындысымен танысып, қосымша ата –аналардан баланың мектепке бейімделуі туралы сауалнама алынды.



Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы» үлгілік ережесіне сәйкес мүдделі органдардың келісімімен білім беру ұйымдарында мобильдік топ құрылды. Мобилді топ мүшелерімен ұйымдастыру отырысы өткізілді. Оқу жылының басында «Тәуекел топ» оқушыларын анықтау мақсатында мектептің барлық сынып жетекшілеріне өлшемшарттар таратылды. Өлшемшарттар негізінде тізім құрылды. Және мобилді топтың отырысы негізінде «тәуекел топ» оқушыларының тізімі құрылды.

Қыркүйек – қазан айында «Qabilet» қызметі арқылы ЖББМ оқушыларының зияткерлік және жеке әлеуетін өлшеу бағдарламасы аясында «4К» бойынша 10-11 жастағы балалардың қабілеттерін диагностикалауға дайындық негізінде оқушыларды сайтқа

тіркеу жұмысы жүргізілді. Диагностикаға барлығы 38 оқушы қатысуы керек болса, қазіргі таңда тіркелгендер саны 22 –ке жетті

Мектебімізде ЕББҚ ететін 5 оқушы бар. Осы оқушыларды үздіксіз бақылау жүргізіліп келеді. Оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып құрылған жоспарға сай түзету – дамыту сабақтары жүргізіледі.

Жас мамандармен «Педагогтардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне, басқа адамдарды түсінуге, психологиялық қолдау көрсетіп, дамыту» мақсатында **«Жаңа оқу жылын- жалынды жастық жігермен бастайық!»**

тақырыбында тренинг өткізілді.

II тоқсан бойынша атқарылған психологиялық жұмыстар бойынша № 1 мобильді топтың отырысы шешімімен тәуекел топқа жататын оқушыларына әлеуметтік ортаға бейімделмеу көрсеткішін анықтау мақсатында СТОТ әдістемесі алынды. Әдістемесі қортындысы қалыпты бейімделу деңгейін анықтады. Қараша айында 11 сынып оқушыларының ата –аналарына «ҰБТ: өткізілу тәртібі» жиналысына қатысып, ата –аналарға психологиялық тұрғыдан балаға қолдау көрсету туралы жадынама таратылып, таныстырылды. Қараша айының 2 аптасында қарым –қатынасты анықтауға арналған Социометрия сауалнамасы 5-11 сыныптар арасында жүргізілді. Сауалнамаға 102 оқушы қатынасты: Диагностика қорытындысы бойынша тек 6 сыныптың ресми лидері мен ресми емес лидері сәйкес келіп тұр.

2-4 сыныптар арасында «Мен бәрін орындай аламын!» қабылдау мен есте сақтауды дамытуға арналған психологиялық тренинг өткізілді.

Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейін анықтау және тәрбиенің қай бағытының әлсіздігін білу тәрбие жоспарын құруда сол бағыт бойынша жұмысты жандандыру мақсатында «Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейі» толтырылды.

Жалпы мектеп оқушыларының 216- нің тәрбиелік деңгейі «жоғары мен жақсыны» құрап, мектептің жалпы тәрбиелік деңгейі **88,2%** көрсетті. Тәрбиелік деңгейі «жоғары» сыныптар: 3 орыс, 6 қазақ, 6 орыс, 8 қазақ. «Төменгі» деңгей салыстырмалы түрде сыныптары 11 орыс, 10 қазақ, 7 қазақ.

14- 25 қараша аралығында «Құқықбұзушылықтың алдын- алу басты міндет» апталығы аясында 15 —қараша күні 7-11 сыныптар арасында «Мен және менің құқығым» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 46 оқушы қатынасты: Диагностика қорытындысы бойынша оқушылардың құқықтық білімі жақсы деңгейде.

II тоқсанның басынан бастап 5 сыныптың сынып жетешісі Қ.Б. Амантурлиеваның сұранысы бойынша 5 сыныптардың орта буынға бейімделуіне қолайлы орта қалыптастыру мақсатында «Жұлдызды сәт» психологиялық ойыны бастау алды. Жұма сайын 5 сыныптың 2 оқушысының кеші болды, ата –аналар, пән мұғалімдері белсене қатысты. Бұл шара әліде өз жалғасын табуда.

21 қараша күні «Балаларға қатысты зорлық- зомбылықтың алдын –алу және оған ден қою бойынша ББҰ қызметкерлерінің іс –қимыл алгоритмі» тақырыбында семинар практикумға қатыстым.

Саржансай ЖОББ мектебінде білім алушылардың психо- эмоционалды сауаттылығын жақсартуға және тұлғалық дамуына мүмкіндік беретін өмірлік құндылықтарды бағалауға үйрететін заманауи форматтағы «Бақытты бала –отбасы айнасы» психологиялық акциясының жоспары құрылды. Жоспар мектеп директорымен бекітілді. Жоспарға сай 5-8 желтоқсан аралығында 1-4 сыныптар арасында «Менің бақытты отбасым» сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқау қортындылары 12 желтоқсан күні мектепшілік жиында жарияланады. Мектептің әлеуметтік желісіне

жарияланды,

сілтемесі

төменде:

<https://www.instagram.com/reel/C18aZp8oW7E/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Акция аясында мектептің әлеуметтік педагогы А.А.Насырова 5-11 сыныптар арасында «Отбасыммен қарым - қатынас» эссе байқауын ұйыдастырды.

Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында 7 желтоқсан күні 10-11 сынып оқушыларына «Отбасы тәрбиенің ұясы» тақырыбында дөңгелек үстелі өткізілді.



Акция жоспарына сай ата – аналар мен мұғалімдер ұжымына «Бақытты отбасы ол...» тақырыбында жадынама таратылды. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды, сілтемесі

төменде:<https://www.instagram.com/p/C13ZDXtlvnc/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Мектеп және ата аналар қоғамының баланы оқыту және тәрбиелеу ісіндегі ұстанымының артықшылықтарын көрсетіп, жолдастық қарым – қатынас орнату мақсатында желтоқсанның 6 – сы күні «Бақыт мекені» атты коуч – сессия өткізілді. Іс – шараға 8 мектеп мұғалім 10 ата-ана қатысты.

Сонымен қатар, психодиагностикалық бағытты жеке адамның типін анықтауға - бағытталған ДЖ. Голланд әдістемесі 7-11 сыныптар арасында жүргізілді. Әдістеме қортындысы бойынша зерттелушілердің арасында әртістік тип көп екендігі анықталды. Бұл тип адаммен қарым-қатынаста өз қиял-сезіміне сенеді, сүйенеді. Өмірге сезімталдықпен қарайды. Мінез ерекшелігі: шешім қабылдауға тәуелсіз, икемді, өзімшілдігі мол. Шығармашылық кәсіпті ұнатады: музыка, сурет салу, гуманитарлық саладағы қызметке бейім. Бұлар тарих, филология, өнер жағын ұнатады. Ал **Реалистік тип** Эмоциялық тұрақтылығы жоғары, заманына қарай бейімделе біледі. Ептілікті талап ететін, үнемі қозғалыста болатын кәсіппен айналысқанды жөн деп есептейді. Міндеті нақты бір кәсіпті: механик, жүргізуші, инженер, агроном т.б. мамандықтарды ұнатады. **Интеллектуалдық тип.** Интеллектуалдық шығармашылық міндеттерді шешуге бейім. Ғылыми тұрғыда мамандықты таңдайды. Қызметтің мына түрлерін ұнатады: математика, география, геология, шығармашылық кәсіптер. **Әлеуметтік тип.** Айрықша әлеуметтік ептілігі бар, айналасындағыларға тәуелсіз, жағдайға тез бейімделгіш, сезімтал. Ұнататын қызмет саласы: психология, медицина, педагогика. **Конвенциялық тип.** Құрылымдық қызметке бейім, нұсқау бойынша істейді. Ұйымдастырушылық қабілеті аз, ауыз сөзге жоқ. Ұнататын мамандықтары: бухгалтер, финансист, тауартанушы, экономист, іс жүргізуші, кеңсе қызметкері. **Тапқыр тип.** Белсенділік, қызбалықты, құлшынысты, ынта-жігерді талап ететін міндеттер мен мақсатты таңдайды. Мінез ерекшеліктері: басшылық етуді, нұсқау беруді, тапқырлықты ұнатады. Мұндай мінез ерекшеліктері дипломат, репортер, менеджер, директор, делдалға лайықты.

Желтоқсан айында «Құпия дос» ойыны өткізілді. Ойынның басты мақсаты – бір-бірімізге қуаныш сыйлау, достық қарым-қатынасты нығайту болатын психолог ұсынысы бойынша 6 қазақ және 8 орыс сыныптарында өткізілді.

Желтоқсан айында «Qabilet» қызметі арқылы ЖББМ оқушыларының зияткерлік және жеке әлеуетін өлшеу бағдарламасы аясында «4К» бойынша 10-11 жастағы балалардың қабілеттерін диагностикалауға дайындық негізінді оқушыларды диагностикадан өткізу жұмысы жүргізілді. Диагностикаға барлығы 38 оқушы қатысты.

Қаңтар айында мектептің психологиялық қызметі жоспар бойынша орындалды. Оқушылардың психо-эмоционалдық жағдайы әрдайым бақылауда болып, қадағаланды. Мектеп психологының шақыртуы бойынша және жеке сұраныстар бойынша кеңеске келген оқушылар саны 6 болды. Диагностикалау бағыты бойынша 6-11 сынып оқушыларынан «Басса –Дарки әдістемесі» агрессия деңгейін анықтау мақсатында онлайн сауалнама жүргізілді. Диагностика қортындысы бойынша «қастандыққа жақын» көрсеткіші 20 оқушыда шектік деңгейге жетіп тұр, ал «агрессияға» бейім 2 оқушы анықталды. Сауалнамаға қатысқан 99 оқушының 78% «калыпты жағдайды» көрсетті. Агрессияға бейім 2 оқушымен кеңес жүргізілді.



9 сыныптың жетекшісі ұйымдастырған ата –аналар жиналысына қатысып, «Баланы түсінейін» жаттығу өткізілді.



Баланың өз отбасы мен оның алатын орнын анықтау мақсатында «Отбасы суреті» әдістеме 3-4 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Әдістеме бойынша қортындылау жүргізілді. Дарынды балалармен жұмыс бойынша 7-8 сыныптар арасында «Қызығушылық картасы» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама қортындысы бойынша оқушылардың қызығушылығы әртүрлі бағытқа, соның ішінде:

- ✓ Адам анатомиясы мен физиологиясы бойынша оқулықтар мен сабақтар мен
- ✓ Шетел тілі сөздіктерімен жұмыс істеу, аз таныс тілдердің тіркестерін зерделеу
- ✓ Спорттық ойындарды ойнау.
- ✓ Қандай да бір спорттық секцияға қатысу.

Жасөспірімдер арасында криминогендік жағдайлардың және суицидтің алдын –алу, девиантты мінез –құлықтың алдын-алу бойынша «Заң біткен жерде, зұлымдық басталады» 9-11 сыныптарға арналған дөңгелек үстел өткізілді.



Ақпан айында мектептің психологиялық қызметі жоспар бойынша жүргізілді. Оқушылардың психо-эмоционалдық жағдайы әрдайым бақылауда болып, қадағаланды. Мектеп психологының шақыртуы бойынша және жеке сұраныстар бойынша кеңеске келген оқушылар саны 5, ата –аналар тарапынан 1 адам психологиялық кеңеске жүгінді. Диагностикалау бағыты бойынша 5-7 сынып оқушыларынан «Р.Гудман» жасөспірімдердің мықты жақтарын және қиындықтарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. 5-7 сынып оқушылары арасынан барлығы 58 оқушының 48 оқушысы диагностикадан өтті. Қортынды бойынша 100 % көрсеткіш бойынша қалыпты деңгей анықталды. 9-11 сынып оқушыларына қиындықтарды жеңуді және ерік –жігерлерін тәрбиелеу мақсатында «Временные трудности» киносы кинотерапиясы көрсетілді. Балаларға барлық қиындықтардың уақытша екендігін және әр қиындықтан шығар жолдың бар екендігін үлгі мақсатында көрсетілген фильм оқушылардың көңілдерінен шықты.



14 ақпан күні Ақтөбе облыстық ғылыми –тәжірибелік орталығының жоспарына сай «Жасөспірімдік шақтағы дағдарысты өткеру жолдары» тақырыбында семинар – тренингке қатыстып, сертификат алдым.

Мектеппен ата –ана, соның ішінде әкелермен тығыз байланыс ортану мақсатында өткізілген «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» әкелермен кездесуінде психологиялық жағымды ахуалды орнату мақсатында «Өрмекші торы», «Үнсіз орында» жаттығулары жүргізілді.



Ақпан айының жоспарына сай ақыл-ойды дамыту ойындары 2-4 сынып оқушыларымен өткізілді. Сонымен қатар 5-6 сыныптарға «Кім ақылды?» тақырыбында ақыл –ойды дамытуға бағытталған тренингтік жаттығулар өткізілді.



5 сыныптың психологиялық қолайлы ортаға бейімделуіне және әр оқушының сыныпта өз орны барын ұғындыру мақсатында қараша айынан бастау алған «Жұлдызды сәт» психологиялық ойыны жалғасын табуда.



Наурыз айының 30 күні 2022-2023 оқу жылының түлектерімен «Жақсы көңіл –күй жан азығы» атты тренинг өткізілді. Тренингті 11 сыныптың жетекшісінің сұранысы негізінде ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың өзіндік бағалауын қалыптастыру, стресті жеңуде жол көрсету, ҰБТ-ны сенімді тапсыруға дайындау.

Сонымен қатар, IV тоқсанның жоспарына сай сәуір айында 1-4 сыныптар арасында Т.В.Артемова бойынша қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында «Есте сақта» оқу үрдісінде бастауыш сынып оқушыларында әсерлі есте сақтаудың дағдыларын қалыптастыруға, есте сақтау қабілеттерін дамыту жаттығулары ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CrNuJBFoVc8/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>

Мектептің әлеуметтік желісіндегі парақшада ата –аналар назарына кибербуллинг туралы ақпараттандыру жұмысы жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/Cq7p2tZInTB/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>

«Көңілді қоңырау» оқушылардың үзіліс барысында ойлау қабілетін логикалық сұрақтар арқылы дамыту, бос уақыттарын тиімді пайдалану және бой сергіту мақсатында өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CrKzKWYIXZS/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>

10 мамыр күні мектебіміздің мобильді тобының отырыс өткізілді. Отырыста мектебімізде орын алған мәселелер қозғалып, мобильді топтың жұмыс жоспары құрылды.

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты «Менің сыныбым буллингке қарсы» бейнеролик, фотосурет, суреттер челленджі біздің де мектепте өткізілді.

Мақсаты: балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг мәселесіне оқушылар мен мұғалімдердің назарын аудару, буллингке қарсы сана –сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға деген ұмтылысын тәрбиелеу.





Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты бастамасымен «Менің мектебім буллингке қарсы!» жалпы республикалық флешмоб 19 мамыр күні өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CsajKTBIIV/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>

Қорыта келгенде, 2022-2023 жылдың I жартыжылдығы бойынша оқушылармен 40, жас мұғалімдермен 1, 1 ата-анамен диагностикалық жұмыс жүргізілді, диагностикаға 604 оқушы және 7 жас мұғалім және 1 ата-ана қатысты, барлығы 38 кеңес берілді. Сонымен қатар 74 ағартушылық және түзету- дамытушылық жұмыс жүргізілді

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Әлеуметтік осал топтағы оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;

Әлеуметтік педагогтың оқу жылының басында жылдық жұмыс жоспары құрылды. Аталған жоспарға сәйкес I-тоқсанда жұмыстар жасалынды. Оқу жылының басында тамыз айының басында «Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» атты жалпы республикалық акция өткізілді. Акцияның мақаты: аз қамтылған және көп балалы отбасылардың, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының дайындық кезеңіне көмек көрсету болып табылады. Сонымен қатар аталған жұмыс бойынша жұмыс жоспары құрылды.

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» акциясын ұйымдастыру. Логотиппен, плакаттарды шығару, жоспарын құру, бектіу.	Шілде	Әлеуметтік педагог ДТДЖО
2	«Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» акциясын өткізу барысы бойынша жиналыс ұйымдастыру, комиссия мүшелерін құру	Шілде	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық мүшелері
3	Республикалық «Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» акциясы бойынша сенім телефонын ұйымдастыру	Шілде	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық мүшелері
4	«Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» акциясын өткізу туралы ақпараттық парақтар дайындау және	Шілде	Әлеуметтік педагог

	көшелер, ұйымдар мен мекемелер, сауда орындарын тарту.		
5	Аз қамтылған, қиын жағдайға тап болған отбасының балаларын анықтап, демеушілер тарту.	Шілде-қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық мүшелері
6	Қамқорлыққа алынған, аз қамтылған және көп балалы отбасындағы балалар туралы мәлімет жинау. Өлеуметтік паспорттың дайындау.	Шілде-қыркүйек	Өлеуметтік педагог
7	Қамқорлыққа алынған, аз қамтылған және көп балалы отбасындағы балалар үшін «Жақсылық жаса!» атты ұстаздар арасында акция өткізу.	Шілде-қыркүйек	Өлеуметтік педагог
8	Қамқорлыққа алынған, аз қамтылған және көп балалы отбасындағы балаларды оқулықпен қамтамасыз ету.	Шілде-қыркүйек	Өлеуметтік педагог
9	«Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» акциясы бойынша қорытынды. БАҚ, интаграм желілеріне жария ету.	Қыркүйек	Өлеуметтік педагог

Аталған акцияға ауылымыздағы кәсіпкерлер, мектеп ұстаздары ат салысты. Соның ішінде «Ер-нұр» дүкені оқушы оқуға қажетті оқу-құралдар салынған сөмке берді. Ауылымыздағы «ТОО АЙС» компаниясы 7 оқушыға мектепке қажетті оқу құралдар салынған сөмке берді. Сонымен қатар, мектеп ұстаздары тарапынан оқушыға сөмке оқу-құралдарымен табысталды. Жалпы оқумен қамту бойынша мемлекет тарапынан мектебімізде 27 оқушы 37360 теңгеден бір реттік материалдық көмек алды. Аталған материалдық көмекке оқушылар мектепке қажетті киімдер, оқу-құралдар алды.

№	Оқушының аты-жөні	Туған күні, айы-жылы	Сыныбы	Категориясы
1	Жанабаев Нұртас	11.06.2009	8	АСП
2	Жанабаева Айдана	20.06.2007	10	АСП
3	Жанабаева Нурдана	05.04.2015	2	АСП
4	Юлдашева Динара	08.11.2011	5	АСП
5	Әбішев Нұрлан	02.04.2013	1	КДТ
6	Мұратбаева Ақмарал	21.04.2011	5	АСП
7	Мұратбаев Жарас	11.11.2014	3	АСП
8	Сильченко Марина	18.01.2014	3	Қамқоршылықта
9	Сильченко Анатолий	29.10.2012	5	Патронат
10	Сапарбай Азамат	21.10.2007	10	КДТ
11	Сапарбай Әлісұлтан	12.02.2011	6	КДТ
12	Сапарбай Нұрай	20.09.2013	2	КДТ
13	Бактығали Телағыс	01.03.2007	9	КДТ
14	Бактығали Гүлжанат	08.10.2010	7	КДТ
15	Бактығали Нұрболат	26.06.2014	2	КДТ
16	Бактығали Сара	20.12.2015	2	КДТ
17	Мұратбаева Әйгерім	18.04.2013	4	КДТ
18	Мұратбаева Арай	15.10.2010	6	КДТ
19	Короткошей Никита	26.02.2010	6	КДТ
20	Есин Кирилл	05.08.2008	8	КДТ
21	Әбішева Дана	21.06.2012	5	КДТ
22	Жұмабай Әсет	13.11.2014	3	КДТ
23	Жұмабаева Ақжүніс	05.01.2007	10	КДТ
24	Жұмабаев Шыңғысхан	30.05.2009	8	КДТ

25	Жұмабай Каусар	24.12.2010	6	КДТ
26	Юлдашев Ардак	17.11.2008	8	КДТ
27	Юлдашева Акерке	07.06.2011	6	КДТ

2022-2023 оқу жылында Саржансай жалпы орта білім беретін мектебінде жалпы саны 40 оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде 7 оқушы атаулы әлеуметтік көмекті алатын отбасынан шыққан оқушылар, 2 оқушы патронаждық тәрбиелегі оқушылар, 18 оқушы күнкөріс деңгейі төмен отбасынан шыққан оқушылар, 13 оқушы отбасының тұрмыстық жағдайын зерттеу барысында алқалы органның шешімімен қосылған оқушылар. Мектеп асханасы өз уақытында жұмыс жасайды. Оқушылар ыстықтамақ бекітілген ас мәзіріне сай беріледі. Мектеп асханасыда кезекшілік жүргізіліп тұрады. Сонымен қатар, мектеп асханасын бақылау, тамақтың сапасын бақылау мақсатында бракераж комиссиясы құрылды. Аталған комиссия айына бір рет асханаға тексеру жұмыстарын жүргізіп, кемшіліктер бойынша акт толтырып тұрады. Оқушылардың тізімі:

№	Оқушының аты-жөні	Туған күні, айы-жылы	Сыныбы	Категориясы
1	Жанабаев Нұртас	11.06.2009	8	АСП
2	Жанабаева Айлана	20.06.2007	10	АСП
3	Жанабаева Нұрдана	05.04.2015	2	АСП
4	Юлдашева Динара	08.11.2011	5	АСП
5	Әбішев Нұрлан	02.04.2013	1	КДТ
6	Мұратбаева Ақмарал	21.04.2011	5	АСП
7	Мұратбаев Жарас	11.11.2014	3	АСП
8	Сильченко Марина	18.01.2014	3	Қамқоршылықта Патронаж
9	Сильченко Анатолий	29.10.2012	5	
10	Сапарбай Азамат	21.10.2007	10	КДТ
11	Сапарбай Әлісұлтан	12.02.2011	6	КДТ
12	Сапарбай Нұрай	20.09.2013	2	КДТ
13	Бақтығали Телақыс	01.03.2007	9	КДТ
14	Бақтығали Гүлжанат	08.10.2010	7	КДТ
15	Бақтығали Нұрболат	26.06.2014	2	КДТ
16	Бақтығали Сара	20.12.2015	2	КДТ
17	Мұратбаева Әйгерім	18.04.2013	4	КДТ
18	Мұратбаева Арай	15.10.2010	6	КДТ
19	Короткошей Никита	26.02.2010	6	КДТ
20	Есин Кирилл	05.08.2008	8	КДТ
21	Әбішева Дана	21.06.2012	5	КДТ
22	Кошелев Артем	02.09.2009	8	ӨЗЖ
23	Лесов Владимир	06.08.2012	5	ӨЗЖ
24	Дүйсанбай Аяулым	12.09.2015	2	ӨЗЖ
25	Дүйсанбай Ерулан	29.11.2010	6	ӨЗЖ
26	Дайков Александр	26.01.2011	6	ӨЗЖ
27	Хоренко Нина	22.01.2016	1	ӨЗЖ
28	Адилбаев Расул	17.07.2013	4	ӨЗЖ
29	Адилбаева Ұлзира	25.12.2006	10	ӨЗЖ
30	Изтурганов Естөре	27.06.2005	11	ӨЗЖ
31	Еркналиева Аянат	17.02.2012	5	ӨЗЖ
32	Еркналиева Дана	22.01.2014	2	ӨЗЖ
33	Маратов Мереке	16.03.2015	1	ӨЗЖ
34	Жұмабай Әсет	13.11.2014	3	КДТ
35	Жұмабаева Ақжүніс	05.01.2007	10	КДТ
36	Жұмабаев Шыңғысхан	30.05.2009	8	КДТ
37	Юлдашев Ардак	17.11.2008	8	КДТ
38	Юлдашева Акерке	06.07.2011	6	КДТ
39	Жұмабай Каусар	24.12.2010	6	КДТ
40	Наурызғалиева Томирис	29.10.2016	1	ӨЗЖ

Сонымен қатар мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды.

№	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Оқушылардың жалпы саны	248
2	Оның ішінде ұлдар	119
3	Оның ішінде қыздар	129
4	Патронаттағы және қамқоршылықтағы оқушылар	2
5	Толық емес отбасындағы оқушылар	31
6	Көп балалы отбасындағы оқушылар	92
7	Аз қамтылған отбасындағы оқушылар	7
8	Үйде оқитын оқушылар	1
9	Инклюзивті бағдарламамен оқитын оқушылар саны	3
10	Өгей ана және өгей әкемен тұратын оқушылардың саны	9

Қыркүйек айында өгей әке және өгей шешеммен тұратын отбасы балаларының үйіне тексеру жұмыстары жүргізілді. Аталған отбасылар бойынша әлеуметтік-тұрмыстық актісі толтырылды. Тексеру барысында ешқандай олқылықтар анықталмады.

Қараша айында «Мектептегі бала құқығы» атты тақырып бойынша оқушыларға «Әр баланың бақытты балалық шаққа құқығы бар» атты жадынама таратылды. Жадынамада оқушылардың құқықтарына байланысты ақпараттар берілген. Сонымен қатар, мектеп психологымен біріге отырып, бала құқықтарын қорғау мақсатында жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, мектептегі өгей әке және өгей анамен тұратын отбасында оқушылардың үйлеріне әлеуметтік-тұрмыстық акті жасалып толтырылды.



Сонымен қатар, «Отбасылық қарым-қатынас» атты 7-9 сыныптар арасында эссе байқауы өтті. Эссенің мақсаты: оқушылар мен ата-аналардың арасындағы байланысты анықтау және отбасы құндылығының мәнін ұғындыру.

Саржансай жалпы орта білім беретін мектебінде 24 қарашада дәстүрлі қайырымдылық өткізілген болатын. Шараның мақсаты: оқушылардың бойына адамгершілік, мейірімділік қасиеттерді сіңіру, мұқтаж жанларға әрдайым көмектесу қажеттігін түсіндіру.



Аталған акцияға мектебіміздегі 1-11 сынып оқушылары, ата-аналар және мектеп ұстаздары ат салысты. Шара барысында 1-11 сыныптарға үйлерінен тәтті тоқаштар, сусындар, түрлі тағамдар дайындап әкелу тапсырылды. Аталған шараға мектеп оқушылары белсене қатысты. Шара барысында түрлі тағамдар сатылып, түскен қаражатты ата-аналар өз еркітерімен мектеп әкімшілігіне табыстады.

Жиналған

қаржы

120

000

тенге.



Сонымен қатар жиналған қаражатты мектептің алқалы басқару ұйымымен ақылдаса отырып, жиналған қаражаттың 50 000 теңгесін жаңа жылдық шыршаға қажетті ойыншықтар алуға келісімді (хаттама қоса жалғанады). Қалған қаражатқа мектебімізде үйден оқитын оқушы Изтурганов Жантөренің еміне жұмсалды. Аталған оқушы әр жыл сайын Қызылорда қаласына барып ем алады. Осыған байланысты анасына қаражат ақпалай түрде берілді. Желтоқсан айында, мектептегі әлеуметтік категориядағы оқушылар соның ішінде көп балалы отбасынан шыққан Ерқалиева Аянат және ерекше біліммен оқытылып жатқан Мелешко Егор облыстық Президенттік шыршаға барды. Аталға мерекелік шарада оқушылардың әрқайсына Президент атынан «100 000 теңгелік» ақшалай сыйақы және оқушыға қажетті энциклопедия кітап және мерекелік тәтті салынған қоржын сыйға берілді.



Аудандық әкім шыршасына мектебімізден әлеуметтік категориясына байланысты 4 оқушы қатысты.

№	Оқушының аты-жөні	Туған күні, айы-жылы	Класы	Әлеуметтік категориясы
1	Қуаныш Ахмет	19.11.2010	6	Спорт бойынша жетістікке жеткен/толық емес
2	Балмуханова Кәусар	16.08.2013	4	Үздік оқушы/көп балалы
3	Әбішева Дана	21.06.2012	5	Аз қамтылған
4	Савчук Милена	30.11.2010	6	Үздік оқушы/толық емес



Сонымен қатар, мектептегі бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған 40 оқушыға арендатор тарапынан жаңа жылдық сыйлық табысталды.



Мектептегі ерекше білім қажет ететін оқушыларға және мүмкіншілігі шектеулі оқушыларға жалпыға бірдей білім беру қорынан жаңа жылдық ойыншықтар мен тәтті табысталды.



Ақпан айында «Мейірімді жүрек» қайырымдылық шарасы өткізіліп Ақтөбе қаласындағы «Қарттар үйіне» шағын мерекелік қойылым мен сыйлықтар жасалды. Қарттар үйіне жалпы 118500 тг көлемінде қаражатқа сыйлықтар алынды.



Сонымен қатар мектептегі ерекше білімді қажет ететін оқушылар Мелешко Егор, Жаңғабай Нұрай, Жайылған Әбдікәрім мен үйден оқитын оқушы Изтурганов Жантөре «Шексіз шығармашылық» атты республикалық байқауға қатысып, Жайылған Әбдікәрім 1 дәрежелі диплом, Мелешко Егор 2 - дәрежелі дипломға ие болып жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды. Наурыз айында ерекше білімді ететін оқушы Жаңғабай Нұрай аудандық наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған мерекелік шараға қатысып, «Алғыс хат» пен марапатталды.



Сонымен қатар патронаттағы Сильченко Анатолий, қамқоршылықтағы оқушы Сильченко Марина, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушы Башанов Айтнұр наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған мерекелік шараға қатысып қайтты.

Сонымен қатар, мектебіміздегі аз қамтылған жетім балалар, сәтсіз отбасындағы оқушылар үнемі бақылауда болды. Бақылау барысында оқушыларда ешқандай олқылықтар анықталмады. Ата-аналармен әлеуметтік педагог ретінде үнемі байланыс орнатылып отырылды.

Ыстық тамақпен қамту және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы

Жалпыға бірдей біліммен қамту барысында бір мезгіл тегін ыстық тамақпен I-жартыжылдық бойынша 40 оқушы қамтылған болатын. Оқу жылының II-жартыжылдығына ыстық тамақпен қамтылу бойынша 6 оқушы қосылды. Аталған оқушылардың ата-аналары қажетті құжаттарын жинақталып, тізімге қосылды. Бір мезгіл тегін ыстық тамақпен әлеуметтік категориядағы оқушылар қамтылған. Асхана жұмысы күнделікті бақыланып тұрады. Денсаулығына немесе басқа да жағдайларға байланысты сабаққа келмей қалған оқушылар «жоқ» белгіленіп отырады. Ай соңында

келмеген оқушылар бойынша табель толтырылып жіберіліп отырады. Қазіргі таңда асханада бір аспазшы жұмыс жасайды. Асхананың жағдайы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келеді. Оқушыларға берілетін тағамдар арнайы меню бойынша беріледі. Сонымен қатар, арендатор тарапынан ыстық тамақ ішетін оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар табыс етті. Қазіргі таңда асхана қалыпты жағдайда өз жұмысын жалғастыруда. Мектеп медбикесі тарапынан, мектеп әлеуметтік педагог тарапынан үнемі бақылауда. Сонымен қатар мектептегі бракеражды комиссия мектеп асханасын тексеріп акт толтырылды.



Сонымен қатар мектебімізде тәуекел топтағы, өгей ата-анасымен тұратыноқушылардың үйіне редтік шаралар ұйымдастырылды. Шара барысында оқушымен, ата-анамен жеке әңгімелер, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Рейдтік шара барысында оқушыларда ешқандай олқылықтар анықталмады.